

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 1 (2025)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VTEY7546>

**С. И. Сәкен<sup>1</sup>, \*А. А. Әбсадық<sup>2</sup>,  
О. М. Жолдыбаев<sup>3</sup>, А. Б. Саулембаева<sup>4</sup>**

<sup>1,3</sup>М. О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

<sup>2,4</sup>А. Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8199-1701>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1657-029X>

<sup>3</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1592-4989>

<sup>4</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-0608-0500>

\*e-mail: [absalmas@mail.ru](mailto:absalmas@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ЭПОСЫ ЖӘНЕ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМДАРЫ**

*Қазақ және онымен қандас бірқатар түркі тектес халықтардың қаһармандық эпосы үлгілерінің тұрақты сюжеті болып табылатын оқиғалардың және тұрақты кейіпкерлері болып табылатын тарихи тұлғалар туралы сөз қозғау – өзекті мәселе. Ноғай Ордасы билері мен мырзаларының эпикалық бейнелеріндегі тарихи шындық пен суреткерлік көзқарастың арақатынасы ғылыми тұрғыдан қарастырылу эпостануда ертеден қолға алынған еді. Бұл жырларды бірнеше ғасыр бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келген елдердің ауызша тарихтамасы осы қайраткерлер туралы туындылардан бастау алатынының сырын ашуға талпыныс жасалады. «Ноғайлы дәуірі» деп аталатын XIV–XVII ғасырлар аралығындағы тарихи кезеңнің сан алуан оқиғаларының ішінен эпосты тудырған ортаның таңдап алып жырларына арқау қылған жағдайлардың тағлымдық мәні зор екені мақаладағы мәтіннамалық талдаулар мен деректемелік шолулар арқылы ашып көрсетіледі. Кейіпкерлердің мінездемелерінен халықтың өз тарихына берген бағасы айқын аңғарылатынына оқырман назары аударылады. Бұл жырлардағы жағымды кейіпкерлер арқылы ата-бабаларымыз өздерінің «мінсіз*

*билеуші» туралы асыл армандарын білдіргеніне айрықша көңіл бөлінеді. Ол ойымызды дәлелдеу үшін Едіге, Нұрадын, Мұса бейнелеріне талдау жасалады. Халық «алтын ғасырымыз» деп бағалаған Ноғайлы дәуірінің келмеске кетуіне апарып соқтырған себептер Ұлы Ноғай ордасында Мұса бидің ұлдары мен одан кейінгі ұрпақтарының тұсында орын алған үш бұлғақтың кезінде айрықша белсенділігімен дараланған тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерінің бейнелену ерекшеліктерін пайымдау арқылы ашып көрсетіледі. Посткеңестік кеңістікті мекендеген түркі халықтарының барлығына қатысы бар Ноғайлы ұлысының біртіндеп ыдырауына себеп болған жайттарды бұл халықтардың барлығы өз трагедиямыз деп қабылдағаны Мұса мен Жаңбыршы ұрпақтарының арасындағы алауыздық туралы туындылардан аңғарылатынына көңіл бөлінеді. Ысмайыл секілді халық жадында келеңсіз әрекеттерімен ғана есте қалған Ноғай ордасы мүшелерінің бейнелері ел тәуелсіздігіне қауіп төндіретін жайттарды сабақ ретінде бұқараның санасына сіңіру тұрғысынан маңызды екеніне тоқталамыз. Мамай, Орақ, Қарасай, Қазы секілді тұлғалар эпостың жағымды кейіпкерлеріне айналуына олардың ұлыс ішіндегі қырқыстарға қатысудан аулақ болғаны себеп болғаны деректер келтіру арқылы дәлелденеді. Орманбет бидің өлген күні туралы естелік қыпшақ тілдес түркі халықтарының барлығының фольклорында сақталуы туралы да еңбек авторлары өзіндік ой қорытындыларын жасаған.*

*Кілтті сөздер: фольклор, ұлыс, халық, эпос, сюжет, дерек, бұқара, тұлға.*

## **Кіріспе**

Қазақ және онымен туыс бірқатар халықтардың фольклорында Ноғайлы дәуірінің «алтын ғасыр» деп ерекше ықыласпен еске алынатыны мәлім. Дегенмен, бұл тақырыпты зерттеу осы уақытқа дейін түбегейлі шешімін тапқан жоқ. Оған бұл бағыттағы ізденістерге ұзақ уақыт бойы тыйым салынуы зардабын тигізді. Ал, тоқсаныншы жылдардың басынан бері қарай өткен тарихымызды қалпына келтіру ісінде оң өзгерістер орын алып отырған қазіргі заманда Еуразия кеңістігінде, оның ішінде Жошы ұлысында, орын алған жағдайларды қайтадан зерделеу аса маңызды қажеттілікке айналып отыр. Біздің осы еңбегіміз осындай үрдістің дамуына өз үлесімізді қоссақ деген ниеттің нәтижесі болып табылады. Мақсатымыз – фольклорлық туындылар, тарихи деректемелер жаппай жарыққа шығып, олар туралы ғылымның әр саласының қайраткерлері қарқынды ғылыми зерттеулер жүргізіп жатқан қазіргі уақыттағы зор мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану.

### **Материалдар мен әдістері**

Бұл міндетті жүзеге асыру Ноғайлы жыр-аңыздарының бізге жеткен барлық үлгілерін мәтіннамалық сараптаудан өткізгенде және оларды тарихи деректемелермен кешенді түрде салғастыра қарастырғанда ғана мүмкін болатынының ескере отырып мақала авторлары бұл салада бұрын-соңғы уақытта болған барлық мағлұмат көздерін кешенді түрде қарастыру, оларды игерудің қалыптасқан тиімді әдіснамасын қолдану қажеттігін басты назарда ұстады. Еліміз егемендік алуына байланысты түркі, иран, араб, қытай, орыс және өзге елдердің мұрағат мекемелерінде сақталған деректемелер қолжетімді бола түскені де тың қорытындылар жасауға негіз береді. Кеңес дәуіріндегі тарихшылар мен фольклортанушылардың құнды еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар да осы зерттеуде қайта зерделеуден өтті. Соған орай осы жұмыстың негізгі әдістері ретінде жүйелі түрде талдау және деректемелік салғастыруды атап өтуге болады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қазақ және онымен қандас өзге де түркі халықтарының даңқы әлемге мәшһүр болған сақтардың, ғұндардың, Түркі қағанатын құрған ру-тайпалардың ұрпақтары екенін өзге деректермен қатар археологиялық айғақтар да дәлелдейді. Алайда бұл елдердің ауызша тарихтама үлгілерінен бұл дәуірлерден хабар беретін ешқандай сөз таба алмаймыз. Бұл халықтардың мифтері, әпсаналары мен хикаяттарында ықылым замандардағы адамдардың дүниетанымынан хабар беретін сюжеттік сарындар мольнан ұшырасқанымен, «тарихи фольклор» үлгілерін айтушылар өзі өмір сүрген кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігіне әсер еткен оқиғаларды ғана тыңдаушы қауымның назарына ұсынғанды дұрыс көргені байқалады: «The Kazakh people, who had occupied the Great Steppe, have had enough heroic sons. Historical and political events in the Kaganate, Khanate, and colonial eras involved the direct participation of heroes. In those times, the aqyn, zhyrau, and poets who were always among the people, narrated the history of the country in the form of poetry and passed it down through the generations» [1, 104-б.]. Жошы ұлысын мекендеген түркі халықтарының әлемдегі өзге де алып державалар халықтарымен терезесі тең қарым-қатынасқа түскен ең соңғы дәуірі Алтын Орданың гүлденген уақыты екені – ақиқат. Осыны біздің халықтардың озық ойлы өкілдері жақсы түсінгені көркем шежіре үлгілерінен айқын аңдалады. Сондықтан да Ноғайлы эпосын тудырған ортаға аталған империяның даңқты сәттерін мадақтай еске алудан гөрі сол алып мемлекет ішіндегі дағдарыстың шарықтау шегіне жеткен кездегі шешуші үрдістерді кейінгілерге сабақ ретінде ашып көрсету маңыздырақ болғанын аңғармау мүмкін емес. Жошы және Шағатай ұлыстарының құлдырау кезеңіне аяқ басуына Сәтемір, Тоқтамыс, Едігенің өз жағдайларын жақсарту үшін жүргізген күрестері себеп

болғанын тарихтама айтушылар да, кәсіби зерттеушілер де дұрыс сезінген. Алайда назар аударуды талап ететін бір жайт – халық шығармаларының барлығында Едігенің жағымды, Тоқтамыстың жағымсыз кейіпкер ретінде бейнеленуі, ал, ғалымдардың бұл мәселе жөніндегі пікірлерінің екі жарылуы.

Дегенмен, «Халық айтса, қалып айтпайды» деген афоризмге бұл тұста да ден қоюға тура келетін сияқты. Өйткені, тарихи деректер Едігенің халық жадында жағымды тұлға ретінде сақталуының салмақты негіздері бар екенін байқатады. Оның біріншісі ретінде Едігенің кезінде Жошы ұлысына қарасты жерлер тұрғындарының ішкі жікшілдік тартыстардан да, сыртқы шабуылдардан да біршама тыныш болғанын айтуға болады. Оған көз жеткізу үшін 1357–1382 жылдар аралығында Алтын Ордада жиырма бес хан бір-бірлерін ауыстырғанын еске алу лазым. Бұл тұрақсыздыққа тоқтау салғандай болған Тоқтамыс хан да ел есінде қым-қуыт тақталасын ұйымдастырушы ретінде сақталды. Оның өзін билікке келтірген Ақсақ Темірге қарсы жасаған жорықтары Алтын Орданың төрт рет сұрапыл шабуылға ұшырауына әкеліп соқтырғаны белгілі. Оның үстіне Едігенің билік басына келуі оның өз ұлысын қауіпсіз жерге орналастыруынан басталды. Оның көшпелі халық үшін ауадай қажет қонысты кеңейту мәселесін де табысты түрде шешкені ол Алтын Орданың билігін қолына алған алғашқы жылдардың өзінде-ақ Ноғайлы ұлысының территориясы батысқа қарай ұлғайып, Еділге барып тірелгенінен де аңғарылады. Едіге бидің игілікті әлеметтік-экономикалық шараларды жүзеге асырғаны, өз қарамағындағыларды салықтан босатқаны, ұлыс тұрғындарының балаларын құлдыққа сатуына тыйым салғаны мәлім. Осындай тиімді жаңалықтардан құлағдар әрі соғыстардан титықтаған халықтың аталған тарихи тұлғаның қарамағына қоныс аударуы салдарынан Тоқтамысқа бағыныштылар саны алты есе азайған көрінеді [2, 75–77-бб.].

Алтын Орданың орнында пайда болған мемлекеттердің тарихында Едіге ұрпақтарының елеулі қызмет атқарғаны да көпшілілікке аян: «In the XV century, the Turkic peoples who were part of the Golden Horde created the epic «Edige». The main characters of the epic «Edige» dedicated to the history of the Golden Horde are Amir Temur, Edige, Tokhtamys. Edige is one of those who occupied a large place in the life of the Golden Horde state of the late XIV – early XV centuries. With his wisdom, state foresight, courage, and courage, Edige won the favor and sympathy of the khans, who willingly listened to his words. Wise instructions and sayings belonging to Ediga were widely distributed among the people. The epic often tells about the everyday reasonableness of Edige, about his exceptional foresight, about how subtly he resolved all sorts of difficult lawsuits and disputes to the mutual satisfaction of the parties. People liked his merits, the deeds he had done, and the ability to skillfully settle all kinds of lawsuits. That's why the people loved him and created an epic about

him» [3, 61-б.]. Дегенмен, олардың Нұрадын, Мұса, Жаңбыршыдан және олардың бірлі-жарымды ұрпақтарынан өзгелеріне эпос кейіпкері болу бақыты бұйырмаған. Бұл қайраткерлердің алғашқысы қазақ жырларында әкесінен де артық дәріптеледі. Бұл құбылысты аталған тұлғаның ел іргесін нығайтуда Едігеге сенімді серік бола білгеніне орай халықтың көрсеткен құрметі ретінде бағалаған жөн. Тіпті, түркі халықтары арасында (қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай) Едігеге байланысты жыр, аңыз-әңгімелер көп кездеседі: «Among the peoples living in the territory of the former USSR, epic «Edigeу» was found in the form of legends, epics, tales, legends, small epic. There are about fifty variants of this literary creation completed and preserved in the Kazakh, Karakalpak, Tatar, Uzbek, Nogai, Bashkir people. Demonstrative examples are the adaptation of Chocan Valikhanov, Muryn, Nurtugan of Kazakhs, adaptation of Erpolat, Kiyas, Oteniyaz of Karkalpaks, epic «Izukəу and Moradym» of Bashkirs, the epic «Tulum kozha» of Uzbeks, adaptation of A. Sikaliev of Nogai, a generalized version of the Tatars» [4, 6398-б.].

«Қырымның қырық батыры» циклының құрамындағы екі жыр «Мұса хан», «Жаңбыршы» деп аталады. Дегенмен, Мұса хан емес, би болған. Мысалы, Қадырғали би Нұрадындың Афас, Оқас, Хуразми атты үш ұлы болғанына тоқталған соң: «Оқастың ұлдары Мұса, Ямғұрчи еді. Атасынан соң Мұса би болды. Ұлысты сол биледі. Ямғурчи ағасының көзі тірісінде би болды»,—деп жазған [5, 256-б.]. Соған қарамастан, бізбен туыстас өзге халықтар да Мұса мен оның кейбір ұрпақтарын олардың саяси беделіне орай «хан» деп білгені байқалады. Мысалы: М. И. Ахметзянов жариялаған татар-ноғай шежіресінде де Мұсаның хан болғаны айтылады [6, 84-б.].

Бұндай дәріптеулердің орынсыз емес екенін В. Трепавловтың Мұса бидің өз кезінде зор билікке қол жеткізіп, Дешті Қыпшақтың хакімі дәрежесіне көтерілгені туралы жазғанынан [2, 105-б.] аңғарылады.

Оның үстіне Мұса бидің ұрпақтары ұзақ уақыт дербес мемлекет болған Ұлы Ноғай ордасының билеушілері болған. Мұса бұрынғы Жошы ұлысы тұрғындарының ауызша тарихнамасында жағымды тұлға ретінде бейнеленуінің сыры оның бір орталыққа бағынған мемлекеттің басшысы болғандығында жатқаны анық. Осындай құрмет Мұсаның сенімді көмекшісі болып табылған Жаңбыршыға да көрсетілген. Ағайынды екі бидің беделі өз уақытында ешкімнен кем болмауына олардың бір-бірімен ынтымақтаса әрекет етуі, елді басқару ісінде бұрыннан қалыптасқан жол-жобаларды берік сақтай білгендігі себепші болғанын тарихи деректер айғақтайды.

Дегенмен, бұлардың осыншама жақындығын қазақ жыршылары біле бермеген секілді. Мысалы, Нұртуған бұл кейіпкерлердің шежіресін: «Нұрадын, онан туған Шарабас, онан туған Аббас, Ғаббас. Аббастан Мұса хан туған, Ғаббастан Жаңбыршы туған», — деп таратады [7, 43-б.],

Мұрын жыраудың баяндауынан Жаңбыршының Мұсаға туыстық қатысы байқалмайды. Өмірден өтерінің алдында Жаңбыршы Мамайға өзінің жалғыз ұлы Телағысты «өкіл бала» деп біліп, жебей көруді өтінеді [8, 317-б.]. Ал, Мұса хан туралы жырдың Қалижан Өтешев нұсқасында Жаңбыршы – түрікменнің батыры, ол бір кездері жеті ханға, оның ішінде Мұсаға да, қызмет еткен, бірақ мінезінің жайсыздығынан олардың ешқайсысымен сыйыспай, ұлымен екеуі елден жырақ жерді қоныстанған [9, 470-б.].

Бұл туындылардың барлығында да Мұса мен Жаңбыршының немесе олардың ұрпақтарының арасындағы араздық туралы сөз болады. Бұның себебін Мұрын Телағыстың Мамайдың қызына үйленбекші болғанымен түсіндірсе, Нұртуғанның туындысында Ысмайылдың азғыруымен Жаңбыршының екі ұлы – Телағыс пен Күніке араздасып, олардың соңғысы аулақ кетуге мәжбүр болады. Ысмайылдың сөздеріне ерген Орақтың Телағысты өлтіруді ойлағанын естіген Күніке ағасын өзінің ұлысына ертіп кетеді. Он сан ноғайдың жетеуі солармен бірге кетеді [7, 145–179-бб.]. Бұл туындыда әкеден қалған билікке өзімен таласуы мүмкін Жаңбыршының ұлдарын елден осылай кетірген, Ноғай ордасында қалған өзімен әкесі бір Алшағыр, Мамай, Орақтың да түптеріне әртүрлі айла-шарғымен жеткен, кейбір бауырларын елден аластаған Ысмайылдың өз басына да қиын күндер келіп жеткені айтылады.

Қарастырылған туындылар авторларының ешқайсысы да өздері суреттеп отырған алаауыздықтарды қолдамайтындығы айқын сезіледі. Нұртуған бұндай бүліншіліктің түбінде жалпы ноғай жұртының ахуалын нашарлатқанын кең көлемде ашып көрсетсе, Мұрын, Қалижан айтқан жырларда араздасушы жақтар көркем қиял арқылы болса да татуласады. «Қырымның қырық батыры» топтамасында соғысқалы тұрған жақтардың арасына түсіп, ымыраластырушылардың Асан қайғы, Сыпыра жыраулар екені айтылуы [8, 321–330-бб.] ұлыс ішіндегі татулықты жалпы халықтың тілегенін аңдату үшін қызмет етіп тұр.

Сөз болып отырған екі бидің ұрпақтары олар өмірден өткен соң ірге ажыратты. Оған Ұлы Ноғай Ордасының түбіне жеткен үш бұлғақтың алғашқысы әсер етті. 1505–1520 жылдар аралығы аталған ұлыстың билері мен мырзаларының арасындағы қақтығыстарға толы болды. Бұған Мұса би ұлдарының би сайлауда ежелгі жасы үлкендікті, жолы үлкендікті ескеру дәстүріне жүгінудің орнына бір-біріне күш көрсетуге бой ұруы себепші болады. Бауырлары тарапынан би болғандарға осындай озбырлық танытуда әсіресе Алшағырдың атағы ерекше шыққан. Мысалы, ол Мұса мен Жаңбыршыдан кейін би болып сайланған Хасанның билігін мойындамайтынының белгісі ретінде Вильноға өз тарапынан дербес елшілік жіберген [2, 143-б.]. Одан кейін би болып сайланған Шейхмұхамед пен



Алшағырдың арасындағы текетірестердің де мемлекетке тигізген зардаптары зор еді [2, 146–163-бб.]. Халық Алшағыр ең белсенді тұлға болып табылған бұлғақтың елдің болашағына кері әсер еткенін жақсы түсінген. Оның аңыз-жырларда мақтала бермейтіні сондықтан болса керек.

Қарастырылып отырған уақытта жікшілдік әрекеттерден биік тұра білгендігімен жұртшылықтың есінде қалғандар – Мамай мен Орақ. Мамайдың кейде осындай ұстанымына орай өзімен бір әке, бір шешеден туған ағасына да қарсы келуіне тура келген көрінеді. Оның осындай азаматтығы Алшағыр Шейхмұхаммедті абақтыға жапқанда байқалған. Осы оқиға туралы В. Трепавлов: «До сих пор подобное обращение с ближними сородичами не допускалось среди «Эдиги уругу мангытов. Заточение уважаемого и полноправного члена клана, к тому же явившегося с покаянием, шокировало мирз. Храбрый воин и тонкий дипломат Мамай, не утраившись бийского гнева, приехал со свитой в пятьдесят человек в тюрьму, освободил брата и вывел его из города в степь» [2,151-б.], – деп жазған еді.

Ұлыс мүшелері ынтымағының табысқа апарар жол екені Телағыс пен Мамай бірлесе әрекет еткен кездерде байқалды. Бұны олардың 1523 жылы Қырым ханының қалғаларымен одақтасу арқылы Астраханның билігін қолға алуы аңғартты. Дегенмен, ежелден қалыптасқан жол-жоралардан ауытқушылық аталған қайраткерлердің бітіспес жауларға айналуына апарып соқты. Тарихшы М. Г. Сафарғалиев Телағыс Шейхмұхаммедтен кейін жасы үлкендігіне байланысты емес, яғни, заңсыз түрде Ноғай ордасының биі болғанда. Мамай мен өзге де мырзалардың оған қарсы көтерілгеніне тоқталған [10, 83-б.].

Мұса би ұрпақтарымен жауласу жолына түскен Телағыс қолдауды бұрынғы дұшпандарының тарапынан іздеген сияқты. 1523 жылғы «Астрахан апатынан» кейін жарты жыл өтпей жатып-ақ бұлар Астрахан тағынан тайдырған Хүсейін Қырымның ханы Сағадатгерейді Телағыс би Мамайға қарсы онымен, Хүсейінмен, оның әскерімен бірге соғысқысы келетінінен хабардар еткен [11, 58-б.]. Ол Қырым хандығымен де татуласуға ұмтылып, Қырымның ханы Сағадатгерейге жаушы жіберген [2, 176-б.].

Сағадатгерейге бірлесе соққы беру жөнінде Польшаның королімен де келісім жасасқан, ақырында 1524 жылы опатқа ұшыраған [2, 177-б.] Телағыстың жаулық әрекеттері ұлыстың әлеуетіне елеулі нұқсан келтіргені даусыз. Онымен бірге Жаңбыршының өзге ұрпақтары да Ноғай Ордасынан кеткенін, ал, Телағыстың әкесінің жалғыз ұлы емес екенін, оның бірнеше бауыры болғанын, олардың барлығы да өздеріне қарасты ұлыстарымен бірге Телағыспен еріп өзге жаққа қоныс аударғанын есепке алсақ, біз жоғарыда Нұртуғанның жырынан келтірген мағлұмат шындықтан тым алыс кете қоймайтыны сезіледі.

Бірінші бұлғақтың оқиғалары Мұса бидің ұрпақтарына да оңай тимегені Алшағыр, Мамай, Орақтардың да белгісіз жағдайда опат болуынан аңғарылады. Халық әдебиетінде көбінесе Мамай мен Орақтың өлуіне себепкер болған адам ретінде Ысмайыл бейнеленеді. Мысалы, Нұртуғанның жырында ол Орақ пен Мамайды Қырымға қонаққа баруға үгіттейді. Ал, Қырымға барған соң ағаларын өздерін қонақжайлықпен қабылдаған Қырымның ханзадалары – Балуан сұлтан мен Батырханды өлтіру қажет екенін айтып, азғырады. Інісінің тіліне ерген Мамай ханзадаларды өздерімен бірге аңға шығуға шақырғанда, Балуан сұлтан қонақтардың оған қастық жасамайтындығы жөнінде ант беруін талап етеді. Сол кезде: «Бізге нан!»,– деп жаңылтпаш түріндегі ант берген Мамай аталған ханзадаларды өлтіргеннен кейін бізден алған жарақаттың салдарынан өзі де өледі. Мамайдың ант бұзушылық салдарынан өлгені өзге де жырларда суреттеледі. Бұл сарынның астарында Мамайдың 1523 жылы Астрахан хандығын өздеріне қаратқан кезде одақтас болған Қырымның ханы мен қалғасын опасыздықпен өлтіргені туралы тарихи естелік жатқаны мәлім. Опасыздықты жек көретін халықтың Мамай тарапынан жасалған осы қылықты мәңгі есте сақтағаны Мамайдың есімі өзі жырда өзінен жасы кіші, Орақтан үнемі кейін аталатынынан да байқалады.

Ноғай Ордасындағы екінші бұлғақ оның бірқатар өкілдерінің 1540-жылдары ұлыс ішіндегі билікке орыс патшалығымен ымыраласқан әрекеттер арқылы жетуге ұмтылғандығынан басталды. Қазанның жаулап алынуына себеп болған жағдайлардың санатына Ноғай Ордасының Нұрадыны Ысмайыл мырза мен өзге де жікшілдердің әрекеттерін сенімді түрде жатқызуға болады. Ысмайылдың Мәскеу билеушілерімен бірге Астрахан хандығына қарсы соғыс жүргізгелі жатқандығы мәлім болғанда, Ноғай Ордасының сол кездегі биі Жүсіп өз бауырын жазалап, тоқтату мақсатымен жинаған әскерімен 1554 жылы Еділге қарай қозғалғанда, оған Ысмайыл мен жақтастарының қолы қарсы тұрды. Сол текетірестің ақыры соңғысының алдыңғысын өлтіруіне апарып соқты. Осыдан кейінгі үш жылдың ішіндегі қантөгістер Ноғай Ордасының Шейх-Мамай, Қазиді секілді белгілі қайраткерлерінің өз ұлыстарымен Ысмайылдың қарамағынан кетуіне, әкесінің кегін алу үшін күрес жүргізген Жүсіп бидің ұлдары Ресейдің тұтқынына айналуына алып келді.

Тарихи деректер Ноғай ордасы басым көпшілігінің Ысмайыл жүргізген саясатқа қарсы болғанын, бірақ орыс патшалығының саяси әрі әскери қолдауына сүйенген Ысмайылдың өзіне және ұрпақтарына ұлыстың билігін қамтамасыз еткенін білдіреді. Соған орай халық елді іштен іріткендердің жиынтық образын Ысмайыл бейнесі, оған қарсы тұрып, халық мүддесін қорғағандардың келбетін Қарасай мен Қазиді бейнелері арқылы ғасырлар бойы ұрпақтардың санасына сіңірумен келеді. Жыршылардың әсіресе Қазиді

бейнесін мінсіздендіруге таланттарын қапысыз жұмсауының басты себебі аталған тұлғаның бодандықтың қамытын кимеуді көздеп өзінің Кіші Ноғай Ордасы атты мемлекетін құрып, елін отарлаушылармен өмірінің соңына дейін табысты түрде күрес жүргізуінде, әсіресе 1569, 1571 жылдары түрік сұлтанының, Қырым хандығының әскерлерімен бірге Ресей басып алған Қазан, Астрахан хандықтарын кері қайтарып алу үшін жасаған жорықтарында өзін даңққа бөлеуінде жатқаны анық.

Мұрын жырау репертуарындағы «Манашы ұлы Тұяқбай» жырында Ноғайлының ақылшысы Орманбет биді үндіс қалмақтардың қолынан өлгені суреттеледі. Тарихи деректер Ноғай Ордасының тарихында Орманбет есімді бір ғана би болғанын, оның шын аты Оразмұхаммед екенін айғақтайды. Ол Ұлы Ноғай ордасын 1590–1597 жылдары басқарған [2, 382–383-бб.]. Орманбет биді қалмақтар емес, өзінен бұрын билік құрған Ысмайыл ұлы Орыстың, яғни, өз бауырының балалары өлтірген. Кезінде Орманбет бидің ұлы Қара Келмұхаммед Орманбетті және оның жақындары – Дінахмед би мен Байтерек мырзаны Орыстың балалары өлтіргенін еске түсірген. Орманбеттің бауырлары мен ұлдары да өз кезегінде жоғарыда аталғандардың кегін алу үшін қарсы жақтың Саты мырзасын өлтірген [2, 383-б.]. Осындай кісі өлтірулердің арты ушыға келіп тарихшылары «Үшінші бұлғақ. Орданың жанталасуы» («Третья Смута. Агония Орды»), халықтың ауызша тарихтамасы «Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бұлген күн» деп еске түсірегін іштей іріп-шіру кезеңіне әкеліп соқты. Оның зардабы тек қана Ноғай Ордасының тұрғындарына ғана емес, Дешті Қыпшақ жұртының барлығына аса ауыр тиді. Бұны біз Ноғай Ордасының ыдырау кезеңінен хабар беретін фольклорлық сарындардың өздерін Ноғайлы жұртының өкілдері деп білетін барлық көшпелі түркі халықтарының жадында мәңгі сақталуынан байқаймыз.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Бұл мақала М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Алтын Орда дәуірі және қазақ фольклоры» АР14871880 гранттық жобасы аясында дайындалды.

### **Қорытындылар**

Жоғарыда жазылғандардан Ноғайлы дәуірі туралы жыр-аңыздардың посткеңестік кеңістікте өмір сүретін барлық түркі халықтарына ортақ рухани мұра екенін аңғаруға болады. Осы халықтардың ауызша тарихтамасын сақтаушылардың барлығы бұрынғы Жошы ұлысының іргесін нығайтуға әсер еткен оқиғаларды шабыттана әңгімелесе, аталған ұлыстың ыдырауына себеп болған жайттарды күңірене еске алған. Ноғайлы эпосындағы тұрақты сарындарға өткен дәуірдің қоғамның алдағы даму кезеңдерінде жадта мықтап ұстауды ауадай қажет ететін тарихи тағлымдар негіз болған. Соған

орай көрсетілген дәуірдегі оқиғалар тұсында игілікті іс-әрекеттерімен өздерін даңққа бөлеген тарихи тұлғаларды бұл халықтардың барлығы бірдей өзіміздің қаһармандарымыз деп есептеуі орынды. Сондықтан біздің тарихымыздағы алтын ғасырлар болып табылатын XIV–XVII ғасырлар оқиғаларын бейнелеудегі тарихи және көркем шындықтың арақатынасын күш біріктіре отырып анықтау осынау мәдени қазынаның ортақ мұрагерлері болып табылатын халықтар өкілдері жүзеге асыруға тиісті аса келелі міндеттердің қатарына жатады.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Kabdeshova, K., Rakysh, Zh., Auyesbayeva, P., Albekov, T., Alpyshbayeva, K.** Kazakh historical epics and epical tradition [Text] // *Utopia Praxis Latinoamericana*. – 2019. – Año 24, n° Extra 5. – P. 103–112.

2 **Трепавлов, В. В.** История Ногайской Орды [Мәтін]. – М. : Восточная литература, 2002. – 752 б.

3 **Maksetova, M. K.** Edige's wisdom in solving daily problems [Text] // *American Journal of Social Sciences and Humanity Research*. – 2023. – Vol. 3. – Issue. 4. – P. 61–66.

4 **Assanov, A., Pangereyev, A., Baltymova, M., Borash, B., and Idrissova, E.** «Edige» as the common heritage of the Turkic people: historical basis of the epos [Text] // *International Journal of Environmental & Science Education*. – 2016. – Vol. 11. – No. 14. – P. 6395–6408.

5 **Сыздықова, Р., Қойгелдиев, М.** Қадырғали би Қосымұлы және жылнамалар жинағы [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 1991. – 270 б.

6 **Ахметзянов, М.** Между Волгой и Уралом [Мәтін] // *Идель*. – 1991. – № 10–11. – Б. 82–84.

7 **Бабалар сөзі. Жүз томдық, Батырлар жыры [Мәтін]. – 40-том. – Астана : Foliant, 2006. – 485 б.**

8 **Бабалар сөзі. Жүз томдық. Батырлар жыры. [Мәтін]. – 51-том. – Астана : Foliant, 2008. – 448 б.**

9 **Жирмунский, В. М.** Ногайские богатыри в казахском эпосе [Мәтін] // *Қырымның қырық батыры*. – Алматы : Арыс, 2005. – 544 б.

10 **Сафарғалиев, М. Г.** Ногайская Орда в середине XVI в. : дис. на соиск. степ. канд. наук [Мәтін]. – М., 1938. – Б. 185.

11 **Дунаев, Б. И.** Грек и греческая идея на Руси в XVI в. [Мәтін]. – М., 1916. – 92 б.

**References**

- 1 **Kabdesheva, K., Rakysh, Zh., Auyesbayeva, P., Albekov, T., Alpysbayeva, K.** Kazakh historical epics and epical tradition [Text] // *Utopía y Praxis Latinoamericana*. – 2019. – Año 24, n° Extra 5. – P. 103– 112.
- 2 **Trepavlov, V. V.** Istoriya Nogaiskoi Ordy [History of Nogai Horde] [Text]. – М. : Vostochnaya literatura, 2002. – 752 p.
- 3 **Maksetova, M. K.** Edige’s wisdom in solving daily problems [Text] // *American Journal of Social Sciences and Humanity Research*. – 2023. – Vol. 3. – Iss. 4. – P. 61–66.
- 4 **Assanov, A., Pangereyev, A., Baltymova, M., Borash, B., and Idrissova, E.** «Edigeý» as the common heritage of the Turkic people: historical basis of the epos [Text] // *International Journal of Environmental & Science Education*. – 2016. – Vol. 11. – No. 14. – P. 6395–6408.
- 5 **Syzdykova, R., Koygeldiev, M.** Kadyrgali bi Kossymuly zhane zhylnamalar zhinaghy [Kadyrgali bi Kosymuly and a collection of chronicles] [Text]. – Almaty : Kazakh University, 1991. – 270 p.
- 6 **Akhmetzyanov, M.** Mezhdú Volgoi i Uralom [Between the Volga and the Ural] [Text] // *Idel*. – 1991. – № 10–11. – P. 82–84.
- 7 Babalar sozy. Zhuz tomdykh, Batyrlar zhyry [The words of the ancestors. One hundred volumes, Song of Heroes] [Text]. – Vol. 40. – Astana : Foliant, 2006. – 485 p.
- 8 Babalar sozy. Zhuz tomdykh, Batyrlar zhyry [The words of the ancestors. One hundred volumes, Song of Heroes] [Text]. – Vol. 51. – Astana : Foliant, 2008. – 448 p.
- 9 **Zhirmunsky, V. M.** Nogaiskiye bogatyri v kazakhskom epose [Nogay heroes in the Kazakh epic] [Text] // *Forty heroes of Crimea*. – Almaty : Arys, 2005. – 544 p.
- 10 **Safargaliev, M. G.** Nogaiskaya Orda v seredine XVI veka : diss. na soisk. step. kand. nauk [Nogai Horde in the middle of the 16th century: dissertation for the degree of Cand. of Sciences] [Text]. – М., 1938. – P. 185.
- 11 **Dunaev, B. I.** Grek i grecheskaya ideya na Russi v XVI v. [Grek and the Greek idea in Russia in the 16th century] [Text]. – М., 1916. – 92 p.

26.07.24 ж. баспаға түсті.

29.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

С. И. Сакен<sup>1</sup>, \*А. А. Эбсадык<sup>2</sup>, О. М. Жолдыбаев<sup>3</sup>, А. Б. Саулембаева<sup>4</sup>

<sup>1,3</sup>Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова,

Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>2,4</sup>Костанайский региональный университет имени А. А. Байтұрсынұлы,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 26.07.24.

Поступило с исправлениями 29.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

## КАЗАХСКИЙ ЭПОС И ИСТОРИЧЕСКИЕ УРОКИ УЛУСА ДЖУЧИ

*Исторические события и деятели улуса Джучи в потоке истории становились устойчивыми сюжетами героического эпоса казахского и других тюркских народов. В этом ракурсе взаимоотношения исторической действительности и художественного взгляда в эпических образах биев и мурз Ногайской Орды являются актуальными вопросами эпосоведения. В исследовании делается попытка найти ответ к вопросу: «Почему устная история графия вышеуказанных народов берет свое начало от произведений именно об этих деятелях?». Путем текстологического анализа и источниковедческих обзоров раскрывается огромная назидательная сущность обстоятельств, которые были выбраны из огромных потоков событий Ногайлинской эпохи XIV–XVII веков, особое внимание уделяется оценкам народа своей истории, которые были включены в характеристики героев сочинений. Для доказательства этого вывода проведены анализы образов Едиге, Нурадина, Мусы. Причины ухода в небытие Ногайлинской эпохи, которая считалась «золотыми веками» тюркских народов, раскрываются путем осмысления особенностей изображения деяний сыновей и последующих потомков Мусы и Жанбыршы. Анализы взаимоотношений художественных персонажей Мусы и Жанбыршы показывают, что все тюркские народности, которые являются жителями постсоветского пространства, принимали все неурядицы, которые имели место в Ногайской орде, как собственные трагедии. Образ Исмаила, который остался в памяти народа только как отрицательный персонаж, служит для предостережения подрастающего поколения от случаев, которые угрожают независимости страны. Путем приведения исторических сведений доказывается, что причина превращения Мамай, Орака, Карасая и Қазы в положительных героев эпоса кроется в их*

*противостоянии междоусобицам в улусе. Авторы данного труда выдвигают собственные научные выводы и о причине широкого распространения исторической песни о гибели Орманбет бия.*

*Ключевые слова: фольклор, легенда, народный, эпос, сюжет, документ, масса, личность.*

S. I. Saken<sup>1</sup>, \*A. A. Absadyk<sup>2</sup>, O. Zholdybaev<sup>3</sup>, A. B. Saulebayeva<sup>4</sup>

<sup>1,3</sup>Institute of Literature and Art named after M. O. Auezov,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2,4</sup>Kostanay Regional University named after A. Baitursynov,

Republic of Kazakhstan, Kostanay.

Received 26.07.24.

Received in revised form 29.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

## KAZAKH EPIC AND HISTORICAL LESSONS OF ULUS ZHOSHY

*This article sets out the authors' own opinions about the edifying essence of historical events that became permanent subjects of the heroic epic of the Kazakh and other Turkic peoples and historical figures who became permanent characters of the above spiritual values. To achieve this goal, the relationship between historical reality and artistic vision in the epic images of biys and murzas of the Nogai Horde is examined.*

*An attempt is made to find an answer to the question: «Why does the oral history of the above-mentioned peoples originate from the work about these figures?». Through textual analysis and source studies, the enormous edifying essence of the circumstances that were selected from the huge streams of events of the Nogai era is revealed in the XIV–XVII centuries. Particular attention is paid to the people's assessments of their history, which were included in the characteristics of the heroes of the essay. To prove this conclusion, analyses of the images of Edige, Nuradin, and Musa were carried out. The reasons for the passing into oblivion of the Nogai era, which was considered the «golden ages» of the Turkic peoples, are revealed by understanding the features of the depiction of the actions of the sons and subsequent descendants of Musa and Zhanbyrshy. Analyses of the relationship between the artistic characters of Musa and Zhanbyrshy show that all Turkic people who are residents of the post-Soviet space accepted all the troubles that took place in the Nogai Horde as their own tragedies. The image of Ismail, who remained in the memory of the*

*people only as a negative character, serves to warn the younger generation against cases that threaten the independence of the country. By providing historical information, it is proven that the reason for the transformation of Mamai, Orak, Karasai, and Kazi into positive heroes of the epic lies in their opposition to civil strife in the ulus. The authors of this work put forward their own scientific conclusions about the reason for the widespread dissemination of the historical song about the death of Ormanbet Bi.*

*Keywords: folklore, legend, folk, epic, plot, document, mass, personality.*



Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
4,76 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.  
Электронное издание  
4,76 МБ RAM  
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz